Келісілді:
"Шығыс Қазақстан облысының
Білім және ғылым қызметкерлерінің
жергілікті кәсіподағы" ҚБ
Төраға
Н. Б. Касенова_____

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ «АЛТАЙ АУДАНДЫҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

2025-2028 жылдарға арналған ШҚО ББ «Алтай аудандығы ауыл шаруашылық колледжі» КММ жұмыс берушісі мен қызметкерлері арасыпдағы әлеуметтік әріптестік туралы Ұжымдық шарт

Чапаево ауылы

Мазмұны

1. 1. Жалпы ережелер.
2. Еңбек шарты.
3. Қызметкерлерді кәсіптік даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру.
4. Қызметкерлерді босату және оларды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу.
5. Жұмыс уақыты және демалыс уақыты.
6. Еңбекке ақы төлеу және нормалау.
7. Кепілдіктер мен өтемақылар.
8. Еңбекті және денсаулықты қорғау.
9. Кәсіподақ қызметінің кепілдіктері.
10. Кәсіподақ Міндеттемелері.
11. Білім беру ұйымдарын басқару, әлеуметтік әріптестіктің тиімділігін арттыру.
12. Ұжымдық шарттың орындалуын бақылау. Тараптардың Жауапкершілігі.

Келісімнің қосымшалары:

1. Жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі Келісу комиссиясы туралы Ереже (№ 1 қосымша).
2. Жұмыс берушілер актілері мен жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарттарын бұзу туралы шешімдер қабылдағанда сайланбалы кәсіподақ органдарының дәлелді пікірін ескеру мен келісім алу тәртібі (№ 2 қосымша).
3. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі туралы Ереже (№ 3 қосымша).
4. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының ұзақтығы (№ 4 қосымша).
5. Зиянды, қауіпті, ауыр еңбек жағдайларындағы жұмыс үшін берілетін қосымша ақыға, жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалысына құқығы бар қызметкерлер тізімі (№ 5 қосымша).
6. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлеріне сыйақы төлеу, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстеме ақылар төлеу Ережелері (№ 6 қосымша).
7. Толық материалдық жауапкершілік туралы шарттың макеті (№7 қосымша).
8. Арнайы киім, аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарымен тегін қамтамасыз етілетін жұмысшылар лауазымдары мен кәсіптерінің тізбесі (№ 8 қосымша).
9. Қызметкерлерге жуу және залалсыздандыру құралдарын тегін беру нормалары, оларды тарату шарттары (№ 9 қосымша).
10. Сабын, жуу және залалсыздандыру құралдарын тегін алу құқығына ие жұмыстар мен кәсіптер тізбесі (№ 10 қосымша).
11. Еңбекті қорғау жөніндегі келісім (№ 11 қосымша).
12. Оқуға арналған шарт (№12 қосымша).
13. Білім және ғылым ұйымдарындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес туралы ереже (№13 қосымша).
14. Білім және ғылым ұйымдарындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор туралы ереже (№14 қосымша).
15. Шығыс Қазақстан облысының Білім және ғылым саласындағы әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі облыстық салалық комиссия туралы ереже (№15 қосымша).

Чапаево ауылы **"___" _____ 2025 ж.**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы әлеуметтік әріптестік туралы Ұжымдық шарт (бұдан әрі – Ұжымдық шарт) ШҚО БҚ «Алтай аудандығы ауыл шаруашылық колледжі» КММ (бұдан әрі – Колледж) жұмыс берушісі, ШҚО БҚ «Алтай аудандығы ауыл шаруашылық колледжі» КММ бастауыш кәсіподақ ұйымы (бұдан әрі-кәсіподақ) арасында жасалды және ШҚО БҚ «Алтай аудандығы ауыл шаруашылық колледжі» КММ әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін құқықтық акт болып табылады.

1.2. Ұжымдық шарт Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – ҚР ЕК) білім беру ұйымдары қызметкерлерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кәсіптік мүдделерін қорғау және қосымша әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және кәсіптік кепілдіктерді, қызметкерлер үшін жеңілдіктер мен артықшылықтарды белгілеу, сондай-ақ жұмыскерлер мен жұмыс берушілер өкілдерінің өзара міндеттемелерін айқындау мақсатында өзге де заңнамалық және нормативтік құқықтық актілермен белгіленген Заңдармен, өзге де нормативтік құқықтық актілермен, Әлеуметтік әріптестік туралы Бас ұжымдық шарттармен, салалық ұжымдық шарттармен, аймақтық ұжымдық шарттар.

1.3.Осы Ұжымдық шарттың тараптары:

- колледждің (ӨК) кәсіподақ комитетінің төрағасы атынан қызметкерлер- Е.А. Дусупова бұдан әрі-қызметкерлер;
- жұмыс беруші оның өкілі – директордың м.а. Е.В. Назарова (бұдан әрі-жұмыс беруші).

1.4. Кәсіподақ мүшесі болып табылмайтын қызметкерлер өздерінің жазбаша өтініштерімен кәсіподақтан жұмыс берушімен өзара қарым-қатынаста олардың мүдделерін білдіруін сұрауға, сондай-ақ осы Келісімге қосылуға құқылы. Кәсіподақ қызметкерлердің мүдделерін білдіреді және кәсіподақ мүшесі болып табылмайтын тұлғаларға Ұжымдық шарт ережелерінің қолданылуын таратады, егер олар ай сайын кәсіподақ шотына жалақының 1 (бір) % аударса.

1.5. Осы Ұжымдық шарттың күші кәсіподақ мүшелері болып табылатын қызметкерлерге және оған қосылған адамдарға қолданылады.

1.6. Тараптар ұжымдық шарттың мәтінін білім беру ұйымдарының басшылары оған қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде қызметкерлердің назарына жеткізуі тиіс деп келісті.

Кәсіподақ қызметкерлерге осы Ұжымдық шарттың ережелерін түсіндіруге, оны іске асыруға жәрдемдесуге міндеттенеді.

1.7. Осы ұжымдық шартты жасасу, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде келіссөздер жүргізу, сондай – ақ оның іске асырылуын бақылау, ағымдағы мәселелерді қарау және туындайтын жанжалды жағдайларды шешу үшін тепе-тең негізде әр тараптан үш-бес адамнан-әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылады.Егер қызметкерге Келісімге қарағанда ұжымдық шартта ең қолайлы шарттар қарастырылса, онда қызметкерге ұжымдық шарттың ең қолайлы шарттары қолданылады.

Егер Тараптар туындаған дау бойынша өзара қолайлы шешім таппаған жағдайда, соңғысы еңбек дауын шешу үшін қолданыстағы құқықта белгіленген тәртіппен шешілуі мүмкін.

Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі комиссияның құрамын Тараптар дербес айқындайды.

Комиссия туралы ереже, оның жұмыс тәртібі, комиссияның функциялары мен өкілеттіктері комиссияның бірінші отырысында оның

Комиссия өз отырыстарын қажеттілігіне қарай, бірақ күнтізбелік жыл ішінде кемінде екі рет өткізеді.

1.8. Осы Ұжымдық шарт орындалмаған кезде мүдделі тұлғалар комиссияны және осы ұжымдық шартқа қол қойған басшыларды жазбаша хабардар етеді. Тараптар ұсынылған ақпаратты талқылайды және тиісті шешімдер қабылдайды.

1.9. Ұжымдық шарт колледжді қайта құру (біріту, қосылу, бөлу, бөлу, қайта құру) кезеңінде өзінің қолданысын сақтайды

1.10. Осы Шартқа кіретін қандай да бір білім беру ұйымы мүлкінің меншік иесі ауысқан кезде ұжымдық шарттың қолданылуы үш ай бойы сақталады. Меншік құқығының ауысуының үш ай мерзімінің ішінде кәсіподақ пен жаңа меншік иесі қолда бар ұжымдық шартты сақтау не жасау туралы келіссөздерді бастауға құқылы.

1.11. Білім беру ұйымы таратылған кезде ұжымдық шарт осы ұйымның барлық қызметкерлерімен еңбек қатынастары тоқтатылған сәтке дейін өз күшін сақтайды.

1.12. Тараптар осы ұжымдық шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Өзгерістер немесе толықтырулар енгізуге бастаманы болған Тараң екінші Тараққа Ұжымдық шарт жасасу тәртібіне сәйкес келіссөздер жүргізудің басталғаны туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Тараптар қабылдаған келісімге өзгерістер мен толықтырулар осы Ұжымдық шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамамен және қосымша ұжымдық шартпен ресімделеді.

1.13. Ұжымдық шарттың қолданылу мерзімі ішінде Тараптардың ешқайсысы өзіне қабылданған міндеттемелерді біржақты тәртіппен орындауды тоқтатуға құқылы емес..

1.14. Осы Ұжымдық шарттың міндеттемелерін қайта қарау білім беру ұйымдары қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайының деңгейін төмендетуге әкеп соқпауы тиіс

1.15. Осы Ұжымдық шарт тараптар қол қойған сәттен (2025 жылдың 1 қыркүйегі) бастап күшіне енеді және үш жыл бойы қолданылады.

1.16. Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек құқығына сәйкес жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі келісу комиссиясын міндетті түрде құру туралы келісімге келді. Комиссия құрамы әр тараптың өкілдерінің тең санынан тепе-теңдік негізінде құрылады. Қызметкерлер мен білім беру ұйымдары арасында туындаған барлық санаттағы жеке еңбек дауларын келісу комиссиясы еңбек дауы тарапының өтініші бойынша ҚР Еңбек кодексінде көзделген тәртіппен қарауы мүмкін.

Жеке еңбек дауын шешу жөніндегі келісім комиссиясы тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады және заңды тұлға мәртебесі бар әрбір Білім және ғылым ұйымында, сондай-ақ заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінде құрылады және кәсіподақ комитеті мен ұйым әкімшілігі өкілдерінің тең санынан құрылады.

Бұдан басқа, жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі келісу комиссиялары білім басқармасында және білім бөлімдерінде әкімшілік аумақтық бірліктер – аудандар, қалалар, облыстар деңгейінде әлеуметтік әріптестік тарапторының ұжымдық шарттарымен құрылуы мүмкін. Олар тікелей білім беру ұйымдарында құрылған келісу комиссиялары сияқты негіздерде құрылады және әрекет етеді

1.17. Тараптар жұмыс берушінің төмендегі актілері бастауыш кәсіподақ ұйымының кәсіподақ комитетімен кеңесе отырып қабылданатыны туралы келіседі:

1) ішкі еңбек тәртіп ережесі;

2) оқу сабақтарының кестесі;

3) жұмыс кестелері;

4) еңбек демалыс кестелері;

5) педагогикалық қызметкерлердің оқу жүктемесі;

6) педагог қызметкерлерінің қолданыстағы біліктілік санатын төмендету мақсатында кезектен тыс аттестация тағайындау туралы шешім;

7) педагог қызметкерлерінің қолданыстағы біліктілік санатын төмендету туралы шешім;

8) еңбек қорғау жөніндегі нұсқаулық.

Бастауыш кәсіподақ ұйымының кәсіподақ комитетінің дәлелді пікірін ескере отырып қабылданатын актілер:

1) еңбек жағдайларының өзгеруі туралы бұйрықтар;
2) жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарттарын бұзу туралы бұйрықтар;
3) жұмысшыларға мереке және демалыс күндерін жұмыс күні екендігін хабарлау туралы бұйрықтар;
4) штаттық кестенің қысқаруы мен өзгеруі туралы бұйрықтар;
5) көтермелеулер мен тәртіптік шаралар туралы бұйрықтар;
6) сыйақы беру, қосымша төлем тағайындау мен материалдық көмек көрсету туралы бұйрықтар;
7) толық емес жұмыс күні режимін енгізу туралы бұйрықтар;
8) күнделікті жұмысты болшектеу туралы бұйрықтар;
9) жұмыс уақытының жиынтықталған есебін қолдану туралы бұйрықтар.
10) Тараптардың еңбек қатынастарын қозғайтын өзге де актілер.

1.18. Тараптар, жұмыс берушінің төмендегі актілері Кәсіподактың аумақтық құрылымдық бөлімшесінің (Кәсіподақ Филиалының) Атқару комитетімен келісе отырып қабылданатыны туралы келісімге келді:

1) жұмыс күшінің жаппай бір мезетте 5-тен 10 адамға дейін босауына алып келетін қызметкерлер саны немесе штаттың қысқаруы туралы актілер;
2) қызметкерлердің кәсіби даярлығы, қайта даярлау мен біліктілігін көтеру нысандарын, кажетті кәсіптер мен мамандықтар тізбесін, әр күнтізбелік жылға оқумен қамтылатындардың санын белгілеу.

1.19. Ұйымның жойылуы мен 10 адамнан артық жұмыс күшінін бір мезетте жұмыстан босауы туралы актілер Кәсіподактың Облыстық Комитетімен келісіледі.

1.20. Кәсіподақ органынан келісім алынған жағдай кәсіподақ органы төрағасының қолы қойылған құжаттың болуымен анықталады. Кәсіподақ келісімі мен дәлелді пікірі осы келісім тараптарының өзара келіскен Тәртібі бойынша сұралады (№2 қосымша).

2. Еңбек шарты

2.1. Еңбек шартының мазмұны, оны жасау, өзгерту мен бұзу тәртібі ҚР ЕК, өзге де заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер, білім мекемелерінің Жарғыларына (ережелеріне) сәйкес жасалады және қызметкерлердің жағдайын қолданыстағы еңбек заңдылығымен, сондай-ақ Бас, салалық тарифтік, аймақтық келісімдермен, осы Ұжымдық шартпен қол жеткен жағдайлармен салыстырғанда төмендетпеуі тиіс.

2.2. Еңбек шарты жұмысшымен жазбаша түрде екі данада жасалып, оның әрқайсысына жұмыс беруші мен жұмысшы қол қояды. Еңбек шарты оларды есепке алу кітабында тіркеледі. Тараптардың қолы қойылып, мекеменің мөрімен расталған еңбек шартының бір данасы жұмысшының қолына беріледі. Еңбек шартының бір данасын табыс ету жағдайы жұмысшының еңбек шарттарын есепке алу кітабына қол қою арқылы нақтыланады. Еңбек шарты жұмыска қабылдау туралы бұйрық шығарыла негіз болып табылады.

Еңбек шарттары электронды форматта ресімделіп, бірыңғай жүйеде сақталуы мүмкін. Еңбек шартындағы кез келген өзгерістер электрондық цифрлық қолтаңбаның (ЭЦҚ) көмегімен онлайн режиміндегі электрондық құжатта енгізілуі және еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне (ЕЕШЕБЖ) енгізілуі мүмкін.

Жұмыска алғаш рет орналасатын қызметкермен еңбек шартын жасасу электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында жасалуға тиіс. Қолданыстағы жазбаша еңбек шарттары электронды форматқа ауыстырылуы тиіс.

2.3. Жұмыс сипаты тұрақты болып табылатын жұмыстарға еңбек шарты шектеусіз мерзімге немесе бір жылдан кем болмайтын мерзімге жасалуы мүмкін. Аталған ереже еңбек шарты қызметтерді біріктіріп (қоса) атқару шартымен жасалған қызметкерлерге таратылады.

Еңбек шартының мерзімі аяқталғаннан кейін тараптар оны белгісіз немесе нақты мерзімге ұзартуға құқылы, бірақ бір жылдан кем емес уақытқа.
Еңбек шартының мерзімі аяқталған жағдайда тараптардың ешкайсысы бір жұмыс ауысымының барысында (бір жұмыс күнінде) еңбек шартын тоқтатуды талап етпесе, ол еңбек шарты алдында жасалған еңбек шартында көрсетілген мерзімге жасалған болып есептеледі. Егер еңбек шартында оның мерзімі көрсетілмесе, ол шектеусіз мерзімге жасалған деп есептеледі. (ҚР ЕК 51 б.2 тармағы) көзделген жағдайларды қоспағанда.
Бір жылдан кем емес белгілі бір мерзімге жасалған еңбек шартының мерзімін ұзарту саны, зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкерлерді қоспағанда, екі реттен аспауы керек.
Еңбек қарым-қатынастарының екі ұзартудан кейін жалғасуы кезінде еңбек шарты белгісіз мерзімге жасалған болып есептеледі.
Еңбек шарты бір жылдан кем мерзімге тек қандай да бір нақты жұмысты атқарған жағдайда, жұмыста уақытша жоқ қызметкерді алмастырғанда, маусымдық жұмыстарды атқарған мерзімге жасалады.
Жұмыс берушінің және зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкердің еңбек қатынастарын жалғастыру туралы өзара шешіммен жұмыс берушілер жыл сайын ы еңбек шартын оған өзгерістер енгізу және бұйрық шығару арқылы ұзартуға құқылы.
Бұл жағдайда еңбек шартын бұзу деп саналмайды ҚР ЕК 52 бабы 1- тармағының 24-тармақшасына сәйкес еңбек шартын бұзу ретінде қарастырылмайды (зейнеткерлік жасқа жету) және өтемақы төленбейді.
Жұмыс беруші ҚР ЕК 52-бабының 1-тармағының 24) тармақшасына сәйкес еңбек шартын бұзған жағдайда ғана ҚР ЕК 53-бабының 9-тармағына сәйкес өтемақы төлейді.
Сондай-ақ жұмыс берушінің және зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкерлердің еңбек қатынастарын жалғастыру туралы өзара шешімімен жұмыс берушілер оқу жылының соңында ағымдағы еңбек шартын кейіннен жылда жаңарту арқылы бұзуға құқылы.

Бұл жағдайда, еңбек шарты ҚР ЕК 52 баптың 1-тармағының 24) тармақшасына сәйкес (зейнеткерлік жасқа жету) тоқтатылған болып саналады және жұмыс беруші ҚР ЕК 53-бабының 9-тармағына сәйкес осы Келісімде және (немесе) ұжымдық шартта көзделген мөлшердегі өтемақыны төлеуді жүзеге асырады.
Сонымен бірге зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкермен бір жылдық еңбек шарттың мерзімінің аяқталуына байланысты ҚР ЕК 49-бап 2-тармағының және 51-бабы 2-тармағының негізінде еңбек шарты бұзылады және өтемақы төлемі жүзеге асырылмайды.
Зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкермен жасалатын еңбек шартын жыл сайын ұзарту кезінде еңбек шарты бір жылға жасалады. Мұндай қызметкерлерге еңбек заңнамасында көзделген барлық жеңілдіктер мен өтемақы төлемдері сақталады (жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына, денсаулыққа арналған жәрдемақылар және басқалар).
2.4. Жұмысқа қабылдағанда сынақ мерзімі келесі адамдарға қолданылмайды:
- мүгедектігі бар адамдар;
- жас мамандар (колледжді және/немесе жоо-ны бітіргеннен кейін жұмысқа алғаш түсетіндер);
- жұмыс беруші анықтаған және мекеменің/кәсіпорынның бастауыш кәсіподақ ұйымының кәсіподақ комитетімен келісілген басқа тұлғалар.
2.5. Егер еңбек шарты тоқтатылған немесе бұзылған күнде қызметкер ақылы еңбек демалыс немесе өзге де демалыстарда болса немесе еңбекке уақытша жарамсыз болса, ҚР ЕК 52-бабы 1-тармағының 1), 18), 20) және 23) тармақшаларында көзделген жағдайларды және уақытша жұмыста болмаған қызметкерді ауыстыру жағдайларын қоспағанда, қызметкермен еңбек шартын бұзу оның жұмысының бірінші күнінде жүргізіледі.
2.6. Еңбек шартында ҚР ЕК 28 бабымен көзделген ерекше еңбек жағдайлары, оның ішінде оқу жүктемесінің көлемі, жұмыс уақытының режимі мен ұзақтығы, еңбек ақының мөлшері, жеңілдіктер мен өтемақылар және өзгелер мазмұндалады.

Еңбек шартындағы жағдайлар тек тараптардың келісімі бойынша және жазбаша түрде ғана, Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексімен белгіленген тәртіппен өзгертілуі мүмкін.

Білім беру ұйымдарының басшылары қызметкерлерді және бастауыш кәсіподақ ұйымының кәсіподақ комитетін қызметкердің еңбек жағдайының өзгеруі туралы, сол өзгерістер енгізілгенге дейін бір ай бұрын, жазбаша түрде ескертуге міндетті.
Мүгедектігі бар адаммен жасалатын еңбек шартында олардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, жұмыс орындарын жабдықтау шарттары болуға тиіс.

2.7. Педагогикалық қызметкерлердің оқу жүктемесінің (педагогикалық жұмыстың) көлемі оқу жоспарындағы сағат саны, оқу бағдарламалары, кадрмен қамтылу, мекемедегі өзге де нақты жағдайларға сәйкес кәсіподақ комитетінің пікірін ескере отырып белгіленеді. Педагогикалық қызметкердің оқу жүктемесінің мөлшері еңбек шартында белгіленеді және тараптармен қызметкердің жазбаша келісімі бойынша ғана өзгертілуі мүмкін.

Оқу жүктемесін алдын ала бөлу жаңа оқу жылындағы сыныптар, топтар мен оқу жүктемесін анықтау үшін ағымдағы оқу жылы аяқталғанға дейін және қызметкерлер еңбек демалысына кеткенге дейін жүргізіледі.

Жұмыс беруші педагогикалық қызметкерлерді кезекті демалыска кеткенге дейін олардың жаңа оқу жылындағы оқу жүктемесімен жазбаша түрде таныстыруы тиіс. Оқу жылы басталғанда нақты оқу жүктемесі, білім беру ұйымының штаттық құрамының өзгеруіне, оқушыларды жасақтау нәтижелеріне, оқу жоспарларының өзгеруіне байланысты, алдын ала бөлінген оқу жүктемесінің мөлшерімен сәйкес келмеуі мүмкін.

2.8. Осы мекеме негізгі жұмыс орны болып табылатын мұғалімдер үшін жаңа оқу жылындағы оқу жүктемесін белгілегенде, онын ағымдағы оқу жылындағы жүктеме мөлшері мен сыныптарда, топтарда жүргізетін пәндердің сабақтастығы сақталады. Мұғалімдерге жаңа оқу жылының басында белгіленген оқу жүктемесі ағымдағы оқу жылында, сондай-ақ кезекті оқу жылына әкімшіліктің бастамасымен, оқу жоспарлары мен бағдарламаларға сай сағаттардың қысқарып, сынып сандарының азаюынан өзге жағдайларда, төмендетіле алмайды.

Оқу жоспарымен көзделген сағаттар санына байланысты педагог қызметкерлердің оқу жүктемесі бірінші және екінші жартыжылдықта әртүрлі болуы мүмкін.

Педагог қызметкерлердің оқу жүктемесінің көлемі заннамамен нормативтік анықталған көп немесе аз көлемде тек олардың жазбаша келісімімен белгіленеді.

2.9. Аталған ұйым негізгі жұмыс орны болып табылатын педагог қызметкерлерге, сондай-ақ басқа білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне (білім басқармалары органдарының және оқу-әдістемелік кабинеттердің, орталықтардың қызметкерлерін қосқанда) негізгі оқу жүктемесі кемінде бір ставкадан кем емес мөлшерде қамтамасыз етілген жағдайда ғана, сол ұйымда негізгі жұмысымен қатар қосымша жұмыс атқару үшін оқытушылық жұмыс беріледі.

Тараптар білім беру ұйымдарының басшы қызметкерлеріне (директор, меңгеруші және олардың орынбасарларына) уәкілетті органның (білім басқармасы немесе АББ/ҚББ) рұқсатымен басқарып отырған ұйымдарында пәндерден сабақ беру бойынша қоса атқару немесе қосымша жұмыс істеу жағдайымен дипломда көрсетілген мамандыққа сәйкес кемінде 8/10 сағат көлемінде қосымша педагогикалық жұмыс берілуі мүмкіндігін келісті. Білім беру ұйымдарының басшы қызметкерлеріне көрсетілген қосымша педагогикалық жұмыс, аталған ұйымда қызмет ететін педагог қызметкерлердің оқу жүктемелері кемінде бір жалақылық ставкамен қамтамасыз етілген жағдайда ғана беріледі. Өндірістік қажеттіліктерге байланысты (оқу бағдарламасының бөлінбейтіндігі, оқытушының уақытша болмауы және басқа да жағдайлар) 50%-дан астам жүктемені қамтамасыз етуі мүмкін.

2.10. Бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақысы сақталмайтын демалысындағы педагог қызметкерлерге оқу жүктемесі жалпы негіздемеде белгіленеді және осы мерзімде оны орындау үшін басқа қызметкерлерге беріледі.
2.11. Жұмыс емес мереке және демалыс күндеріне оқу жүктемесі жоспарланбайды.

2.12. Педагог қызметкердің оқу жылы ішінде оқу жүктемесін еңбек шартында немесе ұйым басшысының бұйрығында келісілген жүктемесімен салыстырғанда азайту немесе көбейту:

а) тараптардың өзара келісімі бойынша;

б) жұмыс берушінің бастамасы бойынша келесі жағдайларда:

– оқу жоспарлары мен бағдарламалар бойынша оқу сағаттары азайғанда, сынып (топтар) саны қысқарғанда;

- өндірістік қажеттілікке байланысты уақытша жұмыста жоқ қызметкерді алмастыру үшін оқу жүктемесінің көлемін уақытша көбейту (мұндай жағдайда қызметкердің келісімінсіз көбейтілген оқу жүктемесін орындау ұзақтылығы күнтізбелік жыл ішінде бір айдан аспауы қажет);

- қызметкерлерге олардың мамандығы мен біліктілігін ескере отырып, бос тұрып қалған жағдайдың барлық уақытына сол ұйымнан немесе сол жердегі басқа ұйымнан кемінде бір айға басқа жұмыс тапсырылуы (ауа райы жағдайларына, карантинге және бөгде жағдайларға байланысты сабақтарды тоқтату);

- еңбек дауын қарайтын органмен бұрын осы оқу жүктемесін орындаған педагог-қызметкер жұмысқа қайта орналасқанда;

- бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақысы сақталмайтын демалыста отырған әйелдің демалысын мерзімінен бұрын үзіп немесе осы демалыс аяқталғаннан кейін жұмысқа оралғанда мүмкін.

2.13. Жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын елеулі өзгертуге, ережеге сай, тек жаңа оқу жылында еңбек жағдайларының ұйымдық немесе технологиялық өзгеруіне (сынып комплектілерінің, топтардың немесе оқушылардың (тәрбиеленушілер) санының өзгеруі, оқу жоспарлары бойынша оқу сағаттарының өзгеруі, тәжірибе жүргізу, мекеме жұмысының ауысымдылығының өзгеруі, сондай-ақ білім бағдарламаларының өзгеруі және т.б.) байланысты, бірақ қызметкер жұмысының еңбек функциясы өзгермей жалғасқан жағдайда (белгілі бір мамандық, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмыс) жол беріледі.

Оқу жылы ішінде еңбек шартын елеулі өзгертуге тек ерекше, яғни тараптардың қалауынан тыс, жағдайларда ғана жол беріледі.

Еңбек шарттарына елеулі өзгерістердің енгізілетіні туралы қызметкер жұмыс беруші тарапынан жазбаша түрде кемінде бір ай бұрын ескертілуі тиіс.

Егер қызметкер жұмысын жаңа жағдайда жалғастыруға келіспесе, жұмыс беруші мекемеде оның біліктілігі және денсаулық жағдайына сәйкес өзге жұмысты жазбаша түрде ұсынуға, ал ондай жұмыс болмаған жағдайда, қызметкерге өз біліктілігі мен денсаулық жағдайына байланысты атқара алатын – бос тұрған төменгі лауазым немесе төмен ақылы жұмысты ұсынуға міндетті.

2.14. Жұмыс беруші немесе оның уәкілетті өкілі қызметкермен еңбек шартын жасағанда оны осы Ұжымдық шартпен, мекеме Жарғысымен (Ережемен), ішкі еңбек тәртібі ережелерімен және мекемеде қолданылатын өзге де еңбек туралы нормативтік актілермен жазбаша түрде таныстыруға міндетті.

2.15. Қызметкермен еңбек шартын тоқтату тек ҚР Еңбек Кодексімен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен көзделген негіздер бойынша жүргізіледі. Еңбек шарты жұмыс берушінің бастамасымен ҚР ЕК 52 бабын негізінде, тек 1), 12), 21), 20) және 23) тармақшалардан басқа көзделген кез-келген негізі бойынша бұзылғанда, жұмыс беруші бастауыш кәсіподақ ұйымының кәсіподақ комитетінің алдын-ала келісімін алуға міндетті.

2.16 Жұмысқа қабылдар кезде мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың басшылары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы», «Білім туралы» Заңдарын, кәсіптік стандарттарды, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен және басқа да нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген педагог-қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының Ұлттық біліктілік сипаттамаларын басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 77 бабының 3-тармағының 3-тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V «Заңнамалық актілер туралы» заңының 43 бабына сәйкес жаңа жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін заңнамаларға кері әсер ете алмайды.

Егер қызметкер жаңа талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілер қолданылуына дейін немесе оның жағдайын нашарлататын қолданыстағы актілерге өзгерістер енгізілгенге дейін жұмысқа қабылданса және талаптарға сәйкес келетін болса, оны мұндай қызметкер қайтадан лауазымға қабылданды деп лауазым бойынша оқу педагогикалық қызметін жалғастыруға толық құқығы бар.

2.17. Тараптар аудан орталықтарынан және қалалардан алыс елді мекендерде тиісті мамандық бойынша педагогикалық білімі бар білікті мамандар болмаған жағдайда мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын орындау мақсатында айрықша жағдайларды, педагогикалық кеңестің және білім беру ұйымының аттестациялық комиссиясының шешімі бойынша сабақтас және (немесе) басқа пәндердің мұғалімдеріне сабақ беру мүмкіндігін беруге келісті.

2.18. Егер білім беру ұйымдарында қызметкерлер туралы жеке мәліметтерді сақтау тәртібін белгілейтін бұйрықтар болмаса, білім беру ұйымдарының басшылары 2021 жылдың 1 мамырына дейін бұйрықтарды шығару туралы міндеттеме алады.

Жұмыс берушілер Қазақстан Республикасының «Жеке мәліметтер және оларды қорғау туралы» 21 мамыр 2013 жылғы N 94-V Заңына сәйкес қызметкердің жеке мәліметтерін жинауды, өңдеу мен қорғауды қамтамасыз етуге және төмендегі талаптарды сақтауға міндеттенеді:

1) қызметкердің жеке деректерін, оның жазбаша келісімінсіз, үшінші тарапқа хабарламау;

2) қызметкердің жеке деректерімен танысуға тек арнайы уәкілетті тұлғаларға ғана рұқсат ету. Бұл ретте аталған тұлғалар қызметкердің, тек нақты функцияларды орындауға қажетті, деректерін ғана алу құқығына ие болуы тиіс және құпиялық режимді сақтауға міндетті;

3) қызметкердің жеке деректерін беруді жұмыс берушінің актісіне сәйкес, онымен қызметкерді таныстыра отырып, ұйым ішінде ғана жүзеге асыруға.

3.Қызметкерлердің кәсіби даярлығы, қайта даярлау мен біліктілігін арттыру

3.1. Тараптар келесі шартар бойынша өзара келісімге келді:

3.1.1. Білім басқармасы білім беру ұйымдарының қажеттілігі үшін кадрлардың кәсіби даярлығы мен қайта даярлаудың қажеттілігін анықтайды.

3.1.2. Білім басқармасы Кәсіподақпен келісе отырып кәсіби даярлық, қайта даярлау мен біліктілік көтеру нысандарын, қажетті мамандықтар мен кәсіптер тізбесін, әр күнтізбелік жылға білім алушылардың санын белгілейді.

3.2. Жұмыс беруші міндеттенеді:

3.2.1. Барлық қызметкерлердің кәсіби даярлығын, қайта даярлау мен біліктілігін арттыруды ұйымдастырады.

3.2.2. Бюджет қаражаты есебінен білім беру ұйымының педагог және медицина қызметкерлерінің кемінде бес жылда бір рет біліктіліктерін арттыру.

3.2.3. Қызметкерлердің жұмыстан босауы мен жаңа жұмыс орындарының ашылуы бір мезетте болған жағдайда босайтын қызметкерлерді жаңа жұмыс орындарына орналастыру мақсатында жедел оқытуды жүзеге асырады.

3.2.4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемелерінің қызметкерлері Қазақстан Республикасының аумағында қызметтік іссапарларға жіберілген кезде, оларға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіп пен мөлшерде іссапар шығындарын төлеуге.

Қызметкерді біліктілігін арттыру үшін оқуға жіберу кезінде оның жұмыс орнын (лауазымын), жұмыс орны бойынша жалақысын сақтауға және егер қызметкер

біліктілігін арттыру үшін басқа жаққа жіберілетін болса, оны шаған қызметтік іссапарларға жіберудің тұлғалар үшін қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіп және мөлшерде іссапар шығындары (тәуліктік, оқитын жерге және кері қайтқанда жол ақысы, тұрғын үй жалдау шығындары) төленеді.

Іссапар шығындары төмендегідей төленеді:

Жолда шығарылғандағы қызметкерге іссапарға жіберілгенге дейін, сапарға шығуға тиісті соманың шегінде, жол жүру ақысы, үй-жайды жалдау және тәуліктік төлемдер бойынша шығыстар төленеді. Іссапардан оралғаннан кейін қызметкер бес күннің ішінде нақты шығындар туралы соңғы есепті ұсынуға міндетті. Алдын ала есепке белгіленген тәртіппен берілген жол жүру құжаты, үй-жайды жалға алу және жол жүру шығындары туралы құжаттар қоса беріледі.

Егер қызметкерге іссапар шығындарына арналған ақшасы ауыс берілмеген жағдайда, сапар аяқталғаннан кейін өткізілген іссапар шығындарын растайтын құжаттар негізінде қызметкердің жұмсаған іссапар шығыны жұмыс берушімен тараптанған дереу өтеледі.

Егер объективті себептер бойынша іссапар шығыны дереу өтеуге мүмкін болмаса, іссапар аяқталғаннан кейін үш айдың ішінде өтеледі.

Қызметкер өзінің тұрақты мекен жайына күнделікті оралу мүмкіндігі бар жерге іссапарға барған кезде, шығындар мынадай тәртіппен өтеледі:

1). егер жұмыс күні аяқталған соң қызметкер өз еркімен іссапарға барған жерде қалса, онда үй-жайларды жалға алу, тәуліктік және көліктік шығындар тиісті құжаттар ұсынылған жағдайда, қызметтік іссапар туралы Ереженің 9-тармағында көзделген мөлшерде өтейді;

2). Егер іссапарда жүрген қызметкер жұмыс орнына күнделікті қайтып оралып отырса, онда күнделікті күнкөріс үшін төлемдерсіз (күнделікті күнкөріс орнына қосымша ақыларсыз) жол жүру құжаттары болған кезде тапа көлік шығындары өтеледі.

Қызметкердің тұрақты жұмыс орнына күнделікті қайтып оралуы туралы мәселе, әрбір нақты жағдайда, іссапарға жіберілген қызметкердің пікірін, жолдың қашықтығын, көлік тасымалдау жағдайын, орындалатын тапсырманың сипатын, сондай-ақ қызметкердің демалысына жағдай жасау қажеттілігін ескере отырып, тұрақты жұмыс атқаратын мекеменің жауапты тұлғасының шешімімен анықталады.

3.2.5. Білім беру ұйымдарының педагогикалық және педагогикалық емес қызметкерлерін аттестаттауды Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шартын, сондай-ақ мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу Қағидалары мен шартын бекіту туралы» 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына сәйкес ұйымдастырады. Аттестация қорытындылары бойынша педагогикалық қызметкерлерге берілген біліктілік санаттары үшін тиісті қосымша ақылар жаңа оқу жылынан бастап, ал педагогикалық емес қызметкерлерге біліктілік санаты берілген күннен бастап белгіленеді.

Әдістемелік жұмысты оқыту жұмысына ауыстырған кезде әдіскерлердің біліктілік санаты дипломда көрсетілген пән бойынша біліктілік санатына теңестіріледі және оның қолданылу мерзімінің аяқталуына дейін сақталады.

Оқыту жұмысынан әдістемелік жұмысқа ауысқан кезде қызметкердің пән бойынша бар біліктілік санаты әдіскердің біліктілік санатына теңестіріледі және оның қолданылу мерзімінің аяқталуына дейін сақталады.

Бұл норма әдістемелік жұмыстан тәрбие жұмысына және керісінше ауыстырылғанда қолданылады.

Аттестаттау комиссиясының шешімімен келіспеген жағдайда қызметкер сотқа жүгіне алады.

3.3. Педагог қызметкерлердің біліктілік санаттары арызрары бойынша үш жылдан артық емес мерзімге төмендегі жағдайларда ұзартылады:

1) педагог қызметкердің уақытша еңбекке жарамсыз кезінде;

2) жүктілікке және бала тууға байланысты және бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалысқа болғанда;

3) Қазақстан Республикасының тыс жерлерге мамандығы бойынша біліктілігін арттыру үшін оқуға жіберілген қызметтік іссапарларда болғанда;

4) жұмысты тоқтату себептеріне қарамастан, біліктілік санаты тағайындалған науқымда жұмысын қайта бастаған кезде;

5) Қазақстан Республикасы ішінде жұмыс орны ауысқанда;

6) Қазақстан Республикасына педагогикалық қызмет атқару үшін алыс және жақын шет елдерден келген адамдардың білімін, еңбек өтілін және біліктілік санаттарын растайтын тиісті құжаттары болған жағдайда.

7) Білім беру ұйымдарына білім саласының өкілетті ұйымдарының, білім басқармаларының органдарының, оқу-әдістемелік кабинеттерден, біліктілікті арттыру институтынан ауысып келгенде.

3.4. Зейнетке шыққанға 4 жылға дейінгі мерзімі қалған педагог қызметкерлер үшін біліктілік санаты ұзартылған жағдайда, олардың біліктілік санаттары зейнеткерлік жасқа толғанға дейін сақталады.

Сонымен қатар, педагогикалық қызметкер білім беру ұйымының аттестациялық комиссиясына зейнеткерлік жасқа дейін қолданыстағы біліктілік санатын сақтау және оны кезекті тағайындаудан (растаудан) босату туралы жазбаша өтініш береді.

Жұмыс берушінің бастамасы бойынша және зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкердің келісімімен еңбек қатынастары жалғасқан жағдайда, бірақ біліктілік санатының мерзімі жоғарыда көрсетілген нормалар бойынша ұзартылып, мерзімі аяқталған кезде білім беру ұйымы аттестациялық комиссиясының шешімі бойынша біліктілік санаты бір қалыпты комиссиялық зейнеткерлік аттестаттау Ережелеріне сәйкес жалпы негізде санатты растауға және немесе жоғарылатуға құқық берілді.

Егер қызметкер зейнеткерлік жасқа жеткенде зейнеткерлік жасқа толмаған қызметкерлер үшін белгіленген мерзімге ұзартылмаған және немесе атымтайы оқу жылының ішінде мерзімі аяқталған жағдайда, жоғарылатылған біліктілік санатының жарамдылық мерзімі бір жылға ұзартылады.

Білім беру ұйымының басшысы немесе еңбек шарты бойынша бір жылдан артық жұмыс істейтін қызметкерлер жоғары педагогикалық қызметкерлер аттестациялық комиссиясы жылына екі рет өткізіледі.

3.7. Егер білікті педагогикалық қызметкерге Ұжымдық шартқа 2.2-тармаққа сәйкес жалақы мөлшерлемесі жылына бес жылдан артық мерзімге белгіленсе, ол жағдайда оның біліктілік санаты бір санатқа төмендетіледі. Біліктілік Ережелерінің талаптарына сәйкес келмейтін санатты растау немесе жоғары санатты белгілеуге жол берілмейді.

3.8. Егер педагогикалық қызметкер білім беру ұйымына ауысқан жағдайда, аттестациялық комиссия оның біліктілік санатын растау мәселесін білім беру ұйымы-орнының аттестациялық комиссиясының шешімі негізінде, біліктілік санатынан бір деңгейге төмендетілген Ережелер бойынша мерзімге растайтын құжаттарды қалдыру арқылы жоғары деңгейге ауыстырады.

3.9. Сонымен қатар, педагогикалық қызметкер аттестациялық комиссия шешімі бойынша, жұмысқа орналасқан жағдайда, аттестациялық комиссия оның біліктілік санатын растау немесе біліктілік санатынан бір деңгейге төмендетілген Ережелер бойынша мерзімге растайтын құжаттарды қалдыру арқылы жоғары деңгейге ауыстырады.

3.10. Егер педагогикалық қызметкер басқа білім беру ұйымына ауысқан жағдайда:

1) бұрынғы жұмыс орнынан Аттестацияны өткізу Ережесінің 6-тармағына сәйкес растайтын құжаттарды қалдыру арқылы жоғары деңгейге ауыстырады.

аттестаттау комиссиясы біліктілік санатын педагогикалық қызметкердің қызметіне бұрынғы жұмыс орны бойынша аттестаттау комиссиясына ұсынылған құжаттардың негізінде сәйкестігін қарайды.

3.9. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, арнайы (түзеу), қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының педагогикалық қызметкерлеріне тағайындалған/расталған біліктілік санатына сәйкес жалақы деңгейі оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап белгіленеді, ал ағымдағы оқу жылының қазан – желтоқсан айларында біліктілік санатын алған/расталған кезде – жаңа күнтізбелік жылдың 01 қаңтарынан, бірақ ағымдағы оқу жылының 01 қаңтарынан бастап белгіленеді

Педагог қызметкерлердің біліктілік санатын ұзарту (сақтау, төмендету) туралы барлық шешімдер, аттестация комиссиясының шешімі негізінде, жұмыс берушінің шешімі бойынша қабылданады және ресімделеді.

Медициналық қызметкерлерді аттестациядан өткізу медицина қызметкерлері үшін қолданылатын заңнамада көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

3.10. Білім басқармасы (жұмыс беруші) біліктілігін арттыру тәртібімен жоғары оқу орындарында атқаратын лауазымына сәйкес мамандық және/немесе бейіні бойынша білім алған жағдайда, сынақтарды, емтихандарды тапсыру және бітірушілік біліктілік жұмысын қорғау үшін оқу демалысы кезеңінде біліктілігінің орташа деңгейі бар қызметкердің жұмыс орны мен лауазымын, орташа жалақысын сақтауға міндеттенеді.

3.11. Жұмыс берушінің жолдамасы бойынша тыңдаушыларды кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жұмыс берушінің есебінен немесе оқу туралы келісімшартқа сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де құралдармен жүзеге асырылады. (№12 қосымша)

Оқу туралы шартта:

1) тыңдаушымен алған арнайы мамандық, біліктілік көрсеткіші және (немесе) біліктілік курсының атауы;

2) жұмыс берушінің және тыңдаушының құқықтары мен міндеттері;

3) оқу мерзімі және оқыту аяқталғаннан кейін жұмыс берушіде жұмыс істеу мерзімі;

4) аяқталмаған жұмыс істеу мерзіміне пропорционалды түрде оқытуға байланысты шығыстарды жұмыс берушіге қайтарудың тәртібі мен жағдайлары;

5) оқытуға байланысты кепілдіктер мен өтемақы төлемдері;

6) тараптардың жауапкершілігі көрсетіледі.

Оқу шартында тараптардың келісімі бойынша анықталған өзге де шарттар болуы мүмкін (ҚР ЕК 118-бабы).

Оқу туралы шарт жасалмаған жағдайда, бірақ тыңдаушыларды кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстары жұмыс берушінің жолдамасы бойынша жүргізілсе, онда мұндай оқыту шығыны, оның ішінде басқа жерде оқытуға арналған іссапар шығынын қоса есептегенде, жұмыс берушінің есебінен жүзеге асырылады.

4. Қызметкерлерді жұмыстан босату және оларды еңбекпен қамтылуына септік ету

4. 1. Білім басқармасы міндеттемелер шады:

4.1.1. Жұмыс берушілер кәсіподақ комитетін жұмысшылар саны немесе штаттың қысқаруы туралы оның басталуынан кемінде бір ай бұрын, ал жұмысшылардың жаппай жұмыстан босауына (5-тен 10 адамға дейін) алып келетін жағдайларда Кәсіподақтың аумақтық ұйымын (Кәсіподақ филиалын), оның басталуынан кемінде бір жарым ай бұрын, ал білім мекемесінің жабылуы немесе жұмысшылардың 10-нан астамы бір айдың ішінде босауына алып келетін жағдайда Кәсіподақты, оның басталуынан екі ай мерзім бұрын жазбаша хабарландырады.

4.1.2. ҚР ЕК 52 бабының 1 т. 1,2 т.т. сәйкес (Қызметкерлер немесе штат санының қысқаруы, ұйымның жойылуы) жұмыстан босатылуы туралы хабарлама алған тұлғаларға

өз бетінше жаңа жұмыс істеу үшін, жұмыстан бос уақытта, аптасына 5 сағаттан кем болмайтын жалақысы сақталатын уақыт беріледі.

4.2. Тараптар келесі жағдайлар бойынша өзара келіседі:

4.2.1. Қызметкерлер санының немесе штаттың қысқаруы кезінде жұмыста қалуға құқылы:

- зейнеткерлікке дейінгі жастағы қызметкерлер (зейнетке тört жыл қалған болса);
- осы мекемеде 10 және одан да артық жыл еңбек еткендер;
- көп балалы (кәмелеттік жасқа толмаған және немесе жоғары/арнаулы орта оқу орындарында күндізгі бөлімде оқитын төрт және одан да көп бала) ата-аналар;
- еңбекте жоғары саналық көрсеткіштері бар қызметкерлер.

4.2.2. Жұмыстан босатылатын қызметкерлерге штатты және санын қысқару кезінде, қолданыстағы заңнамамен көзделген кепілдіктер мен өтемақылар; сондай-ақ бос орындар пайда болған жағдайда жұмысқа қабылдаудың басымдық құқықтары беріледі.

4.2.3. Ұйымда жаңа жұмыс орны, соның ішінде белгіленген мерзімге пайда болған кезде жұмыс беруші бұрын ұйымнан тәртіптік жазалары болмаған қызметкерлер, санының немесе штатының қысқаруына байланысты ұйымнан бұрын жұмыстан шығарылған, адал еңбек атқарған қызметкердің жұмысқа қабылдануға басымдылығын қамтамасыз етеді

4.2.4. Жұмыс орындарын (лауазымдарын) қысқарту қажеттілігі болғанда ең алдымен төменде көрсетілген тәртіпте мынадай шараларды қабылданады:

- бос жұмыс орындарын жою, лауазымдарды қоса атқарып жүргендерді жұмыстан босату;
- әкімшілік-басқару құрамының санын қысқарту;
- лауазымдар мен кәсіптерді біріктіріп атқаруға шектеу қою (тыйым салу);
- босатылатын қызметкерлерді, олардың біліктілігіне сәйкес, бос орындарға ішкі ауыстыру жүргізу, ал бос орындар болмаған жағдайда – Білім басқармасына бағынышты басқа мекемелердегі бос орындарға ауыстыру шараларын жүргізу.

5.Жұмыс уақыты және демалыс уақыты

5. 1. Тараптар келесі жағдайлар бойынша келісімге келеді:

5.1.1. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің жұмыс уақыты, жұмыс берушінің Кәсіподақ комитетімен келісімі бойынша бекітілген жұмыс уақытының режимі туралы Ережемен (№ 3 қосымша), сабақ кестесімен, жылдық күнтізбелік оқу кестесімен, ауысым кестесімен, сондай-ақ еңбек шартының жағдайларымен, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарымен және оларға ұйым Жарғысымен (Ережемен) жүктелген міндеттемелермен анықталады.

5.1.2. Басшы қызметкерлер, мекеменің әкімшілік-шаруашылық, оқыту-көмек беру және қызмет көрсету құрамының қызметкерлері үшін аптасына 40 сағаттан аспайтын мөлшерлі жұмыс уақытының ұзақтылығы белгіленеді.

Өз қызметін алты күндік жұмыс аптасы бойынша жұмыс жасайтын ұйымда бес жұмыс күніне арналған оқу сабақтарымен жүргізілсе, жоғарыда аталған қызметкерлердің жұмыс уақыты оқу үрдісінің өзгеруіне байланысты жұмыс берушінің актілерімен, еңбек нормаларын сақтау ережесі және әлеуметтік әріптестік актілерімен (ұжымдық шарт және ұжымдық шарт) реттеледі және көрсетіледі.

5.1.3. Білім беру ұйымдарының, басшылардан басқа, педагогикалық қызметкерлері үшін еңбек ақы ставкасы үшін аптасына 36 сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтылығы белгіленеді.

Педагогтардың жұмыс уақытына атқаратын лауазымына байланысты: оқу (оқытушылық), тәрбие жұмысы, білім алушылармен жеке жұмыс, ғылыми, шығармашылық және зерттеу жұмысы, сондай-ақ лауазымдық міндеттемелермен және (немесе) жеке жоспармен көзделген басқа да педагогикалық қызмет: әдістемелік, даярлық, ұйымдастырушылық, диагностикалық, мониторинг жұмысы, білім алушылармен тәрбие, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық, шығармашылық және өзге де шаралар жоспарларымен көзделген жұмыс енгізіледі.

Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңының 8-бабы 3-тармағына сәйкес нормативтік оқу жүктемесі белгіленген педагогтардың жұмыс уақытының ұзақтығы олардың аптасына нақты оқу жүктемесімен анықталады және астрономиялық сағатпен есептеледі.Сабақтар (оқу, дәріс) арасында көзделген қысқа үзілістер педагогтың жұмыс уақыты болып табылады.

Профессорлық-оқытушылық құрамның оқу жүктемесінің көлемін қызметкердің біліктілігіне және кафедра бейініне байланысты білім беру ұйымы өз бетінше анықтайды және оқу жылында 700 сағаттан аспауы тиіс.

5.1.4. Толық емес жұмыс уақыты – толық емес жұмыс күні немесе жұмыс аптасы келесі жағдайларда белгіленеді:

- қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы келісім бойынша;
- жүкті әйелдің, 14 жасқа дейінгі баласы (он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар бала) бар ата-анасының біріпің (қорғаншының, қамқоршысының, заңды өкілінің), сондай-ақ медициналық қорытындыға сәйкес отбасының науқас мүшесін күтуді жүзеге асыратын адамның өтініші бойынша.

Толық емес жұмыс уақыты жағдайында жұмыс істеу қызметкер үшін жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының ұзақтылығын шектеуге негіз бола алмайды (ҚР ЕК 70 б. 2 т.).

5.1.5. Сабақ кестесін құру сабақтар арасында ұзақ үзілістерге жол бермейтіндей, педагогтың жұмыс уақытын тиімді пайдалануын ескере отырып жүзеге асырылады.

Педагогикалық қызметкерлерге оқу жүктемесі мен сабақ кестесіне қарай әдістемелік жұмыс пен біліктілігін арттыру үшін аптасына бір күн демалыс берілуі мүмкін. Әдістемелік күн беру туралы шешім Жұмыс берушінің бұйрығымен ресімделеді.

5.1.6. Мұғалім сабақ өткізуден, кезекшіліктен, білім беру ұйымының жоспарымен көзделген сабақтан тыс шараларға (педагогикалық кеңес мәжілісі, ата-аналар жиналысы және т.б.) қатысудан бос сағаттарын өз қалауынша пайдалануға құқылы.

5.1.7. Білім беру ұйымдарының қызметкерлерін демалыс және жұмыс емес мереке күндері жұмысқа тартуға тек олардың жазбаша келісімімен ҚР ЕК 85 б. 1т.сәйкес жұмыс берушінің жазбаша бұйрығы бойынша ғана жол беріледі. Бұл ретте ҚР ЕК 68 б. көзделгеннен өзге, яғни жұмысқа қызметкердің келісімінсіз тартуға болатын төмендегі жағдайлар ескерілуі тиіс:

1) төтенше жағдайлардың, зілзала мен өндірістік апаттардың алдын алу немесе олардың салдарын жедел түрде жою;

2) жазатайым жағдайлардың, адам өлімі немесе мүліктің бүлінуін алдын алу, болдырмау және тергеу;

3) кейінге қалдыруға болмайтын, алдын-ала ескерілмеген және оның жедел орындалуынан бүкіл ұйым немесе оның жекелеген бөлімшелерінің қызметі байланысты болатын жұмыстарды атқару.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 109-бабы негізінде еңбек және ұжымдық шартта және (немесе) жұмыс берушінің бұйрығында көзделгендей демалыс және жұмыс емес мереке күндегі, түнгі уақыттағы (сағат 22.00 ден келесі күні сағат 06.00 дейін) жұмыс үшін ақы, қызметкердің күндік (сағаттық) ставка мөлшерімен есептегенде екі еселенген мөлшерден кем емес мөлшерде төленеді.

5.1.8. Жұмыс беруші қызметкерлерді үстеме жұмысқа, ҚР ЕК 77 б. көзделген жағдайларда, тек олардың жазбаша келісімі бойынша, 18 жасқа дейінгі жастар, мүгедектер, жүкті әйелдер, үш жасқа дейінгі баласы бар әйелдер үшін көзделген шектеулер мен кепілдіктерді ескере отырып тарта алады.

5.1.9.Ұйым қызметкерлерін еңбек шартымен, лауазымдық нұсқаулықтармен көзделмеген жұмыстарға тартуға тек қызметкердің жазбаша келісімімен жұмыс берушінің жазбаша өкімі бойынша және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіпте қосымша ақы төлеу арқылы жол беріледі.

5.1.10. Күзгі, қысқы, және көктемгі каникул кезеңдері, сонымен қатар кезекті еңбек демалысымен сәйкес келмейтін жазғы каникул кезеңдері мекеменің педагогикалық және өзге қызметкерлері үшін жұмыс уақыты болып табылады.

Бұл кезеңдерде жұмыс беруші педагогикалық қызметкерлерді педагогикалық және ұйымдастыру жұмыстарына, каникул басталғанға дейінгі оқу жүктемесінен аспайтын уақыт шеңберінде тарта алады. Каникул кездеріндегі жұмыс кестесі жұмыс берушінің бастауыш кәсіподақ ұйымының кәсіподақ комитетінің пікірі ескерілген бұйрығымен бекітіледі.

Кезекті еңбек демалысымен сәйкес келмейтін каникул уақытында педагогикалық қызметкерлерге өз келісімдері бойынша, бір ай ішінде жұмыс уақытының жиынтықталған есебі белгіленуі мүмкін.

5.1.11. Каникул кезінде оқу-көмек беру және қызмет көрсету құрамдағы қызметкерлер өздеріне белгіленген жұмыс уақытының шегінде арнайы білімді қажет етпейтін (шағын жөндеу жұмыстары, мекеме аумағында жұмыс, мекемені күзету және т.б.) олардың жазбаша келісімімен шаруашылық жұмыстарды атқаруға тартылады.

5.1.12. Ақылы еңбек демалыстарын беру кезектілігі жыл сайын жұмыс берушінің Кәсіподақ комитетімен келісе отырып, күнтізбелік жылдың басталуынан он күн кешіктірілмей бекітілетін еңбек демалысының кестесіне сәйкес анықталады.

Демалыстың басталу мезгілі туралы қызметкер оның басталуынан 2 ай бұрын ескертілуі тиіс.

Демалыс кестесіне өзгертулер енгізілген жағдайда қызметкер ол туралы демалыс басталғаннан екі апта бұрын хабардар болуы тиіс.

Жаз мезгілінде немесе өздеріне кез-келген қолайлы уақытта жыл сайынғы еңбек демалысын алуға басымды құқыққа ие қызметкерлер:

а) кәмелетке толмаған (18 жасқа дейінгі) балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған (қамқоршы, қараушы) ата-аналар;

б) үш және одан көп балалары бар әйелдер;

